

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КИНОПРОКАТ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әділет Омаров¹, Нәзира Мұқышева¹

¹Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті
(Астана, Қазақстан)

Аңдатпа. Қазақстандағы киноиндустрия жүйесінің ажырамас бөлігі – кинопрокат саласы қазіргі заманда мәдени, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан айрықша маңызға ие болып отыр. Ғаламдық ақпараттық технологиялардың дамуы, жаһандану үдерістерінің ықпалы, жаңа коммуникациялық платформалардың таралуы және көрермен талғамының өзгеруі бұл саланың мазмұны мен қызметіне түбегейлі өзгерістер әкелді. Әлемдік кинонарықтағы үрдістер мен халықаралық тәжірибе көрсеткендей, кинопрокат жүйесі тек фильмдерді аудиторияға жеткізудің құралы ғана емес, ол сонымен қатар, ұлттық мәдениет аясының кеңеюіне, экономикалық қатынастардың жандануына және қоғамдағы әлеуметтік-идеялық құндылықтардың нығаюына ықпал ететін кешенді мәдени-экономикалық институтқа айналған. Қазақстандағы кинопрокат жүйесін зерттеу осы тұрғыдан өзекті, себебі, ұлттық киноның дамуы мен халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін прокаттық инфрақұрылымның сапалы жұмыс істеуі аса қажет. Сондықтан еліміздегі кинопрокат жүйесінің қазіргі жағдайы мен өзекті мәселелерін ғылыми тұрғыдан сараптау мақаланың басты мақсаты болып отыр. Осыған орай Қазақстандағы кинопрокат жүйесінің тарихи қалыптасу кезеңдері мен қазіргі жағдайын, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін, құқықтық негіздерін, көрермен талғамының өзгерісі мен цифрлық платформалардың ықпалын, жаңа коммуникациялық технологиялардың рөлін, отандық және шетелдік тәжірибелердің өзіндік ерекшеліктерін зерттеп, анықтау *міндеттері* қойылды. Зерттеу барысында қолданылған әдістер ішінде сипаттау, талдау, салыстыру, синтездеу, абстрактілеу, индукция және дедукция басым орын алады. Сонымен қатар, нормативтік-құқықтық құжаттар, сараптамалық пікірлер мен ресми статистикалық деректер негізге алынған. «Кинематография туралы» заңның талаптары, ұлттық фильмдерді қазақ тіліне дубляждау және субтитрлеу жүйесі, кинотеатрлық инфрақұрылымның дамуы, отандық және шетелдік фильмдердің прокаттағы

үлесі сияқты нақты көрсеткіштер зерттеудің эмпирикалық базасын құрайды. Сондай-ақ, халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, АҚШ, Қытай және Еуропа елдерінің кинопрокат жүйелерімен салыстыру жүргізіліп, олардың институционалдық үлгілеріндегі ерекшеліктер мен еліміз үшін тиімді тұстар айқындалды. Бұл салыстырмалы талдау қазақстандық кинонарықтың артықшылықтарын бағалауға, сондай-ақ әлсіз жақтарын түзету үшін ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Мақалада Қазақстандағы кинопрокат жүйесі мәдени, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан айрықша мәнге ие екендігі мақалада жан-жақты ашып көрсетіледі. Зерттеу *нәтижелері* бойынша ұлттық кино өндірісін қолдау, прокаттағы фильмдердің сапасы мен тіл тазалығына назар аудару, аймақтарда кинотеатрлық инфрақұрылымды дамыту, маркетингтік стратегияларды жетілдіру және цифрлық платформаларды тиімді пайдалану қажет деген тұжырымдар жасалды.

Түйін сөздер: кинопрокат, ұлттық кино, кинотеатрлық инфрақұрылым, цифрлық трансформация, мемлекеттік қолдау, маркетинг стратегиясы, халықаралық тәжірибе, көрермен аудиториясы.

Дәйексөз үшін: Омаров, Әділет және Нәзира Мұқышева. «Қазақстандағы кинопрокат жүйесінің қазіргі жағдайы мен өзекті мәселелері». *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 4, 2025, 69–88 б. DOI: 10.47940/cajas.v10i4.1116

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.

Кіріспе

Кинопрокат — киноиндустрияның маңызды және табысты салаларының бірі әрі фильмдерді кинотеатрларда заңға сәйкес көрсету құқығын сатумен, көпшілікке ұсынумен, сондай-ақ, кассалық табысты басқарумен байланысты күрделі жүйе. Соңғы жылдары ақпараттық технологиялардың дамуы кинопрокатқа елеулі әсер етіп, оның рөлі арта түсті. Бұл өзгерістерге жаһандану, жаңа технологиялардың пайда болуы, стримингтік платформалардың дамуы және көрермен талғамының өзгеруі себеп болды. Киноиндустриядағы өзгерістер, цифрлық технологиялардың ықпалы мен көрермен сұранысының түрленуі, сондай-ақ, бәсекенің күшеюі кинопрокат жүйесінің маңызын арттыра түсуде. Кинопрокат мәдени және әлеуметтік жағынан да маңызды. Себебі, кинотеатрлар әлі күнге дейін мәдени үрдістерді қалыптастыратын және ұжымдық түрде фильм көруді қамтамасыз ететін орын болып отыр.

Қазіргі таңда кинопрокат мәселесі кинотану, өнертану, мәдениеттану және экономика салаларында әрқилы қырынан қарастырылуда. Дегенмен аталмыш мәселе ғылыми ортада жиі талқыланғанымен, кейбір қырлары әлі де толық зерттелмеген. Жаңа экономикалық жағдай мен өзгермелі әлем аясында бұл тақырып бүгінгі күн тұрғысынан жан-жақты қарастыруды талап етеді. Сондықтан қазіргі заманғы отандық кинопрокаттың бағыттарын, негізгі үрдістері мен мәселелерін зерттеу өзекті болып отыр.

Ғылыми кеңістікте кинопрокат мәселелеріне арналған бірқатар бағыттар мен көзқарастар кездеседі. Мәдени және экономикалық дамудың қуатты құралы ретінде киноиндустрия тауарлар мен түрлі қызметтер аясын, ақпарат ағынын, т.б. жеделдететін жаһандану процестеріне байланысты терең өзгерістерге ұшырады. Бұл туралы Armen Ter-Avanesov өз еңбегінде атап өткен болатын (120).

Кинопрокат ұғымының ғылыми түсіндірмесі әртүрлі зерттеушілердің

еңбектерінде әр қырынан қарастырылған. Мәселен, ресейлік кинотанушы Татьяна Янсон кино дистрибуциясының әлеуметтік-мәдени аспектілерін талдаса (Янсон), ал Антон Дождиков прокат жүйесінің даму механизмдерін зерттеді (Дождиков). Ал кинотанушылар Жоэль Шапрон мен Присилла Жессати «Французский кинотеатр — аншла́г длиною в век» атты еңбегінде Франциядағы кинопрокат жүйесінің алғашқы кезеңінен бастап, бүгінгі таңға дейінгі қалыптасу, даму кезеңдерін жан-жақты қарастырған (Шапрон, Жессати).

Кеңестік және посткеңестік кезеңдердегі қазақ киносындағы прокат тақырыбына қатысты ғылыми ізденістерді белгілі кинотанушы Бауыржан Нөгербектің еңбектерінен кездестіруге болады. Мысалы, «Продюсерлік кино: кинематографияның жаңғыруы ма әлде...?» («Продюсерское кино: возрождение кинематографии или...?»), «Көрерменсіз кино әлде киносыз көрермен бе?» («Кино без зрителя или зритель без кино?») секілді тағы да басқа көптеген мақалалары мен сұхбаттарында 1990-2000 жылдардағы отандық кино өндірісі мен прокатқа қатысты өзекті мәселелерді қозғайды (Нөгербек).

Сонымен бірге, Нәзира Рахманқызы (Мұқышева) 1990 жылдардағы отандық кинопрокат мәселесіне назар аударса (Рахманқызы 263-267; 277-283), Гүлнар Әбікеева өз зерттеулерінде осы саладағы мәдени-идеологиялық, көркемдік тенденциялармен қатар, кинопрокат жүйесінің жағдайын талдады. Мысалы, «Кино и культурные влияния в Центральной Азии» атты мақаласында ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығының екінші жартысындағы Қазақстан және Орталық Азия елдеріндегі кинопрокат мәселесін қарастырады (Абикеева).

Зерттеудің мақсаты:

Қазақстандағы кинопрокат жүйесінің тарихи қалыптасуы мен қазіргі жағдайын жан-жақты талдау, оның мәдени, әлеуметтік және экономикалық

маңызын анықтау, халықаралық тәжірибемен салыстыру арқылы отандық кино индустрияны дамытудың тиімді бағыттарын айқындау.

Зерттеудің міндеттері:

- кинопрокат ұғымының мәнін ашып, оның мәдени-әлеуметтік және экономикалық қызметтерін теориялық тұрғыдан негіздеу;
- Қазақстандағы кинопрокат жүйесінің тарихи даму кезеңдерін қарастыру;
- Қазіргі кезеңдегі отандық кинопрокат саласының ерекшеліктері мен мәселелерін сипаттау;
- нормативтік-құқықтық базаны (соның ішінде «Кинематография туралы» заңды) талдау арқылы жүйенің құқықтық негіздерін анықтау;
- Қазақстандағы кинопрокат тәжірибесін АҚШ, Қытай және Еуропа елдерінің үлгілерімен салыстыру;
- көрермен талғамының өзгерісі, цифрлық платформалардың ықпалы және жаңа коммуникациялық технологиялардың рөлін айқындау;
- ұлттық кино өндірісін қолдау, кинотеатрлық инфрақұрылымды дамыту және маркетингтік стратегияларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу әдістері

Қазақстанда кинопрокат бойынша басты құқықтық негіз 2019 жылғы 3 қаңтарда қабылданған «Кинематография туралы» заңда қарастырылған. Бұл негізгі құқықтық құжатта кинематография саласының негізгі ұғымдары мен басқару тетіктеріне, соның ішінде кинопрокат, прокаттық куәлік беру ұғымдарына қатысты тиісті анықтама берілген. Одан бөлек, салаға қатысты өзге де ұғымдық аппарат осы арнайы заңда көрсетілген («Кинематография туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 3 қаңтардағы Заңы).

Мақалада сипаттау, талдау, синтез, абстрактілеу, индукция және дедукция сияқты жалпы танымдық және тарихи

талдау әдістері қолданылады. Бұдан бөлек, Қазақстандағы киноиндустрия және оның өзекті аспектілеріне қатысты сарапшылардың пікірлері, нормативтік-құқықтық актілер мен материалдар мақаланың ақпараттық негізін құрайды. Сондай-ақ, кинопрокат жүйесіне қатысты шетелдік және отандық авторлардың ғылыми еңбектеріне де назар аударылды.

Пікірталас

Кинопрокат — киноиндустрия саласындағы экономиканың қозғаушы күші әрі маңызды элементтерінің бірі. Бұл жүйе халықтың түрлі жанр мен бағыттағы фильмдермен танысуына, сонымен бірге, елдің экономикасын, оның ішінде жекеменшік секторды дамытуға серпін береді. Оған қоса мықты бәсекеге қабілетті кинематографиялық ортаны қалыптастыру және экономикадағы мемлекеттің қатысу үлесін азайту сияқты стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді. Кинопрокат тек экономикалық емес, сонымен бірге мәдени аспектілерді де қамтиды.

Өнертану саласы тұрғысынан алғанда, кинопрокаттың басты мақсаты — фильмдер арқылы көрерменге мәдени тәжірибе ұсыну және аудиторияның ол шығармаларды тамашалау мүмкіндігімен қамтамасыз ету. Көрермен киноөндіріс өнімдері арқылы ақпарат алып қана қоймай, тарихи және әлеуметтік құндылықтарды түсіну әрі қабылдау қабілетін дамытады.

Жаһандану жағдайында киноөндіріс әлемдік нарыққа белсенді түрде интеграцияланып, нәтижесінде жергілікті мәдени контекст пен аудитория сұранысына бейімделуді талап етеді. Осыған байланысты киностудиялар сценарийлерді, кейіпкерлерді, диалогтар мен фильм идеясын жергілікті мәдени контекст пен талғамға сәйкес өзгертуге мәжбүр болары белгілі. Бұл жағдай, сонымен бірге, субтитрлерді немесе дубляжды жергілікті халықтың тіліне

бейімдеу сияқты техникалық аспектілерді де қамтиды.

Кинопрокат жүйесіндегі бәсекелестік пен инновацияның күшеюі киностудиялар арасындағы жарысты арттырады. Сондықтан әртүрлі елдер өз фильмдерінің әлемдік нарықта орын алуы үшін күрес жүргізуде. Бұл процесте арнайы эффектілерді жасауда жаңа технологияларды қолдану, маркетингтік стратегияларды әзірлеу, көрермен назарын аудару үшін жанр аясын кеңейту сияқты инновациялық тәсілдер кеңінен пайдаланылады.

Ал халықаралық тәжірибе фильмдерді таратуды ұйымдастырудағы тәсілдердің алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Бұл тәсілдер әрбір елдің экономикалық жағдайына, киноиндустрияның даму деңгейіне және көрермен қажеттілігіне байланысты қалыптасады. Сондықтан әртүрлі мемлекеттегі кинопрокат құрылымы мен ұйымдастыру үлгілері бір-бірінен елеулі түрде ерекшеленеді. Осы орайда әлем елдерінің тәжірибесіне назар аударудың қажеттілігі туындайды. Мәселен, АҚШ-та кинопрокаттың негізгі XX ғасырдың басында қаланды. 1910-1920 жылдары Голливудтың қалыптасуы мен студиялық жүйенің орнауы фильмнің өндірісімен қатар, оны кең аудиторияға таратуды жүйелеуге негіз болды. Бүгінгі таңда АҚШ киноиндустриясы жаһандық кино нарығындағы жетекші орындардың бірін иеленіп отыр. Бұл, әсіресе box office (кинотеатрлық кірістер) көрсеткіштерінен айқын көрінеді. 2025 жылы АҚШ-тағы бокс-офис табысы шамамен 11,50 миллиард АҚШ доллары деңгейінде болады деп болжанып отыр. Бұл көрсеткіш 2025-2030 жылдар аралығында жылдық орташа 5,03 % өсіммен дамып, 2030 жылға қарай 14,70 миллиард АҚШ долларына жетуі мүмкін. Солтүстік Америка бойынша жалпы бокс-офис кірістері 2025 жылы 13,31 миллиард долларды, ал 2030 жылы 16,95 миллиард долларды құрайды деп күтілуде. АҚШ бұл кірістің негізгі бөлігін

қамтамасыз етеді, яғни шамамен 11,50 миллиард доллар бокс-офис табысы оның аймақтық нарықтағы жетекші рөлін көрсетеді. Бұл көрсеткіштер кинотеатрларға бару тәжірибесі әлі де өзектілігін сақтап отырғанын дәлелдейді. Сонымен қатар блокбастер фильмдер (*мысалы, суперқаһарман кейіпкерлері бар жобалар*) мен арнайы форматтағы көрсетілімдер (*IMAX, 4DX*) көрерменді кинотеатрларға тартудың маңызды құралдарына айналды (*Vox office — North America*). Сондай-ақ, кинопрокаттың америкалық үлгісі кинотеатрлар, телевизиялық каналдар және стримингтік платформалар (*Netflix, Disney+, Amazon Prime Video*) арқылы ірі, ауқымды дистрибуцияға негізделіп отыр.

Халықаралық тәжірибеде қарастыратын тағы бір маңызды мемлекеттердің бірі — Қытай. Ол өзінің ауқымды аудиториясымен бүгінде біртіндеп жаһандық кинонарықтағы маңызды «ойыншыға» айналып келеді. Қытайда кинопрокат жүйесі мемлекеттік саясат есебінен дамыған. АҚШ-қа қарағанда Қытай билігі фильмдердің мазмұнын қатаң реттейді, шетелдік фильмдердің санын бақылайды, бұл өз кезегінде жергілікті кино өнімдерін қолдауға мүмкіндік береді. Тағы бір дерек, 2010 жылдардың ортасына қарай Голливудқа инвестиция салуға ұмтылған қытайлық компаниялардың ұсыныстары жиілей бастады. Қытайлық компаниялар үкіметтің қолдауымен Голливудқа қаржы құя отырып, тәжірибелі шеберлердің жаһандық танымалдылыққа ие блокбастерлерді қалай жасайтынын үйренуді мақсат етіп, одан нәтиже шығарды (Бен Фритц 289).

2025 жылы АҚШ-тың тариф саясатына жауап ретінде Қытай голливудтық фильмдердің санын азайту шешімін қабылдағаны да есте. Қазір шетелдік фильмдер Қытай бокс офис кірісінің шамамен 5 %-ын ғана алады, ал жергілікті фильмдер шамамен 80 % үлесін құрайды (*Beijing bites back US*

tariffs by curbing Hollywood imports). Сонымен бірге, Қытайда QIYI, Tencent Video т.б. онлайн платформалары дәстүрлі кинотеатрлық модельді толықтырып, DTC және PVID сияқты жаңа бизнес-модельдерді енгізуге ықпал етуде.

Еуропалық үлгіні қарастыратын болсақ, мұнда кинопрокат жүйесі өңірге байланысты деуге болады. Франция, Германия, Ұлыбритания сияқты елдерде мемлекеттік қолдау мен субсидияларға негізделген жергілікті кинотеатрларға бағытталған (*La Cour des comptes appelle à réformer les aides au cinéma français*).

Францияда мемлекеттік қолдаудың негізінде «мәдени ерекшелік» (*exception culturelle*) саясаты жатыр, олар ұлттық киноны бірінші кезекке қояды. Зерттеулер көрсеткендей, француз фильмдерінің тек шамамен 2 %-ы ғана прокаттан түсетін табыс арқылы өндіріс шығындарын толық жабатыны жайлы ақпарат бар. Бұл киноиндустрияның табысты болуында мемлекеттік субсидиялар мен қосымша қолдаудың аса маңызды екенін білдіреді.

Германия мен Ұлыбританияда ұлттық мәдениетті қолдау мақсатында жергілікті фильмдердің өндірісін ынталандыратын бағдарламалар мен гранттар іске қосылған. Алайда Ұлыбританияда прокат нарығы әлі де тәуекелдерге ұшырайтыны және табысты болу үшін көп жағдайда қосымша мемлекеттік және жеке инвестиция қажет екені айтылады.

Ал Қазақстандағы кинопрокат жүйесінің қалыптасып, дамуын шартты түрде төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады.

1. Кеңес дәуірі (1919-1991)

Кеңес Одағында кинопрокат толықтай мемлекеттің бақылауында болды. Қазақстанда 1920-1930 жылдары алғашқы кинотеатрлар ашылып, олар негізінен кеңестік идеологияны насихаттайтын фильмдерді көрсетті. 1960-1980 жылдары кинотеатрлар халықтың негізгі мәдени демалыс

орнына айналды. Қазақстандық көрермен кеңестік фильмдермен қатар, шектеулі мөлшерде шетелдік (*негізінен социалистік елдердің*) фильмдерді де тамашалады. Белгілі кинорежиссер, продюсер Сламбек Тәуекелдің кинотанушы Нәзира Рахманқызына (Мұқышева) берген сұхбатындағы пікіріне сүйенсек, Кеңес Одағының кеңістігінде шыққан фильмдердің саны кинотеатрларда отыз проценттен кем болмауы керек деген заң жұмыс істеген (Рахманқызы 282).

Белгілі кинотанушы Александр Федоров өзінің «Кинопрокат в СССР (1950-1990): данные посещаемости советских и зарубежных фильмов» атты еңбегінде 1950-1990 жылдар аралығында «Қазақфильм» киностудиясында түсірілген фильмдердің прокатқа шыққан алғашқы жылы қанша көрермен жинағаны туралы қызықты мәліметтер берілген. Олардың арасынан көрермен ең көп жинаған «Атаманның ақыры» (реж. Шәкен Айманов), «Тайны мадам Вонг» (реж. Степан Пучинян), «Шабандоз қыз» (Павел Боголюбов), «Тақиялы періште» (реж. Шәкен Айманов), «Шыңдағы шынар» (реж. Ефим Арон и Шәріп Бейсембаев), «Транссібір экспресі» (реж. Эльдор Уразбаев), «Тақиялы періште» (реж. Шәріп Бейсембаев), «Засада» (реж. Геннадий Базаров), «У заставы Красные камни» (реж. Шәріп Бейсембаев) фильмдерін атайды (Федоров 163).

2. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары (1991-2000)

КСРО-ның ыдырауы Қазақстанның киноиндустриясына үлкен өзгерістер әкелді. Мемлекеттік қолдаудың тоқтауына байланысты көптеген кинотеатрлар жабылып, кинопрокат жүйесі дағдарысқа ұшырады. Бұл кезеңде Голливуд фильмдері мен үнді фильмдері нарықты басып алды. Отандық кино өндірісі құлдырады, ал қазақ фильмдері кинотеатрларға сирек шықты.

3. Қайта қалпына келу және жекеменшік сектордың пайда болуы (2000-2010)

2005 жылдан бастап Қазақстандағы кинопрокаттың қайта өрлеу кезеңі басталды. Бұл кезеңде тәуелсіз прокаттық компаниялар пайда бола бастады: мысалы, «Отау синема» компаниясынан бөлініп шыққан «Кинопремьер» компаниясына «Universal», «Paramount», «20th Century Fox» секілді ірі шетелдік студиялардың фильмдік пакеттері өтті. Сондай-ақ, «Синема партнерс» компаниясы құрылды.

2000 жылдардың ортасында еліміздің прокатында табысқа қол жеткізген алғашқы фильмдер пайда бола бастады. Солардың бірі — Ақан Сатаевтың «Рэкетиры» фильмі екені белгілі. Оның сәтті болуының басты себебі — фильмде 1990 жылдардағы шынайы оқиғалардың суреттелуі еді. Осы онжылдықтың соңына қарай жаңа фильмдер саны мен олардың прокатқа шығу тұрғысынан жағдай өзгере бастады. Мәселен, 2010 жылы Қазақстанда 10 толықметражды көркем фильм, оның 4-еуі «Қазақфильм» киностудиясында түсірілді: «Рывок», «Кто вы, господин Ка?», «Ирония любви», «Сказ о розовом зайце». Ал «Коктейль для звезды», «Рай для мамы», «Трубадур», «25 тенге», «Цуцванг» секілді қалған 6 фильм жекеменшік студияларда өндірілді. Осы он фильмнің сегізі прокатқа шықты.

Бұл кезеңде «Қазақфильм» киностудиясы ұлттық фильмдерді шығаруды жандандырғанын айту керек. Осы уақытта түсірілген «Жаужүрек мың бала» (2012) сияқты ірі жобалар қазақстандық прокат жүйесінде табысты болды. Сонымен қатар Нұртас Адамбай түсірген «Келинка Сабина» комедиясы кассалық рекорд орнатты. Ол сол уақыттағы курспен 3 млн АҚШ долларын жинады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары экономиканың тұрақтала

бастауы кинопрокат саласына да оң әсер етті. Жекеменшік кинотеатрлар мен кино желілері пайда бола бастады (*Kinopark, Chaplin*). Бұл кезеңде Голливуд және Ресей фильмдері прокатта басым болды. Дегенмен, мемлекеттік және жекеменшік студиялар біртіндеп отандық өнім шығаруға бет бұрып, киноиндустрияда жаңа серпін қалыптасты. Цифрландыру және жаңа форматтар (*3D, цифрлық проекциялар*) енгізіліп, көрерменге көрсетілетін фильмдердің техникалық сапасы артты.

4. Заманауи кезең (2010 жылдан бастап)

Қазақстандағы кинопрокат саласының дамуына айтарлықтай серпін берген кезеңдердің бірі — Ермек Аманшаевтың «Қазақфильм» АҚ Президенті қызметіне (2008-2014) тағайындалуымен тікелей байланысты болды. Бұл жылдары отандық киноөндірісте жүйелі реформалар жүргізіліп, киноның өндірістен прокатқа дейінгі барлық кезеңі оңтайландырылды. Е. Аманшаевтың бастамасымен киноөнімдерді шығару мерзімі едәуір қысқарып, бұрын 2-6 жылға дейін созылатын киножобалар енді 6 айдан 2 жылға дейінгі уақыт аралығында іске асырыла бастады. Бұл өндірістің тиімділігін арттырып, фильмдердің жылдам прокатқа шығуына жол ашты (Байманов).

Көрермен аудиториясының кеңеюі де осы кезеңде байқалды. Мысалы, 2007 жылы қазақ фильмдерін көрген көрермен саны небары 200 мың болса, 2014 жылы бұл көрсеткіш 1,1 миллионнан асты, яғни 5 есе өскен. Бұл отандық киноға деген сенімнің артуымен қатар, прокат жүйесінің қалпына келіп, дистрибуциялық арналардың кеңейе түскенін көрсетті («Қазахфильм» просит преференций для киноиндустрии).

Жалпы, соңғы онжылдықта Қазақстанда кинотеатрлардың саны артты, ал отандық кино өндірісі тұрақты дамуға көшті. Мемлекеттің қаржыландыруымен «Сказ о розовом

зайце» (2010), «Жаужүрек мың бала» (2012), «Шал» (2012) фильмдері түсірілді. Осы аталған және «Бизнес по-казахски» (2016) секілді жеке студияларда түсірілген біраз фильм коммерциялық табысты болды. Қазіргі таңда Голливуд блокбастерлерімен қатар, қазақстандық фильмдер де прокатта өз орнын табуда. Бұдан бөлек, онлайн-стриминг платформаларының дамуы кинотеатрлардың дәстүрлі прокат жүйесіне жаңа өзгерістер әкелуде.

2020 жылдан бастап Қазақстандағы кинопрокат жүйесінде бірнеше маңызды фильмдер жарық көріп, көрерменнің жоғары бағасына ие болды. Мысалы, сондай фильмдердің бірі — «Дос-Мұқасан» (реж. Айдын Сахаман) аты аңызға айналған қазақстандық вокалды-аспаптық ансамбльдің құрылуы мен шығармашылық жолын баяндайды. Фильм 2023 жылы прокатқа шығып, көрермен мен сыншылардың жоғары бағасына ие болды. Ол отандық киноөндірістің дамуына үлес қосып, халықтың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырды. Режиссер Данияр Ибрагимовтың әскери-драма жанрында түсірген «Бүркіт» фильмі 2023 жылдың 2 қарашасында экранға жол тартты. Фильм арнайы жасақ сарбаздарының өмірі мен достығы туралы баяндайды және ол да көрермен мен сыншылардың жоғары бағасына ие болды.

Ал режиссер Абдусаид Шахисламның «Маған назар аудар» комедия-драмасы жас жазушының өмірін суреттейді. Фильм 2023 жылы прокатқа шығып, 1 миллиард теңгеге жуық табыс тапты, бұл оның коммерциялық табыстылығын көрсетеді. Мұрат Есжанның «Міржақып: Оян қазақ!» атты тарихи драмасы Алаш қозғалысының жетекшісі Міржақып Дулатұлының өмірін баяндайды. Фильм 2023 жылдың 21 қыркүйегінде прокатқа шығып, алғашқы үш күнде 107 миллион теңге табыс тапты. Режиссер Қуаныш Бейсектің хоррор жанрындағы «Дәстүр»

фильмі 2023 жылдың 28 желтоқсанында прокатқа шықты. Фильм әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесін көтеріп, көрермен назарын бірден өзіне аудартты.

Сондай-ақ, Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қаржыландыруымен түсірілген режиссер Думан Еркімбектің «Qaitadan» фильмі отандық прокатта 1 млрд теңгеден астам табыс тауып, көрермен саны бойынша жоғары көрсеткішке жетті. Тұсаукесер алдындағы маркетингтік науқандары көрсеткендей, фильмге қоғам тарапынан қызығушылықты арттыру мақсатымен әлеуметтік желілер мен ұлттық телеарналарда белсенді насихатталды. Бұл жетістік мемлекеттік қолдаудың жас режиссерлер үшін өз шығармашылық әлеуетін дәлелдеуіне және креативті бастамаларды ілгерілетуіне зор мүмкіндік беретінін айқын көрсетті.

Қазақстандағы кинопрокаттың даму сипаты мен киноиндустриядағы орны бұл саланың мәдени әрі экономикалық маңызын айқындай түседі. Прокат жүйесінің тиімді ұйымдастырылуы — сапалы отандық өнім ұсынумен қатар, ұлттық фильмдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, нарықтың тұрақты дамуына және кино саласындағы кәсіби инфрақұрылымның жетілуіне ықпал етеді.

Нұрлан Қоянбаев, Әсел Сәдуақасова, Нұртас Адамбай, Құралай Анарбекова, Асқар Ұзабаев секілді кинопродюсерлердің жаңа толқыны пайда болғалы сала табысты бола бастады. Осының нәтижесінде киноиндустрия табыс көзі ретінде тартымды салаға айналды, коммерциялық бағыттағы фильмдердің саны күрт өсіп, әрі жылына 50 толықметражды көркем фильм түсірілетін деңгейге жетті (Абикеева 55-66).

Кинопрокатта фильмнің табысы оның сатылымы мен танымалдығына тікелей байланысты. Осы ретте маркетинг — табысқа жетудің басты құралдарының

бірі екені белгілі. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, алдын ала жүргізілген жарнама, трейлерлер, постерлер және әлеуметтік желідегі белсенділік көрермен қызығушылығын арттырып, прокат нәтижесіне айтарлықтай әсер етеді. Мысалы, UNSW Business School зерттеуіне сәйкес, кино маркетингіне жұмсалатын әрбір 1% бюджет фильмнің табысын орта есеппен 0,33%-ға арттырады, бұл көрсеткіш кино саласы үшін басқа өнеркәсіптермен салыстырғанда шамамен үш есе жоғары. Сонымен қатар, Neustar зерттеуінде кино жарнамасының тек 14%-ы цифрлық платформаларда жүргізілсе де, осы цифрлық жарнама прокат кірістерінің 46%-ын қамтамасыз етеді, бұл дәстүрлі теледидар жарнамасынан әлдеқайда тиімді екенін көрсетеді (Film marketing: pre-release box office performance).

Шетелде фильмдердің маркетингіне ерекше мән беріліп, бұл салада инновациялық тәсілдер мен цифрлық стратегиялар кеңінен қолданылатынын байқауға болады. Мысалы, 2025 жылғы зерттеулерге сәйкес, Үндістанда фильмдердің маркетингіне бөлінетін шығындар COVID-19 пандемиясынан кейін екі есе артқан, бұл цифрлық жарнама мен инфлюенсерлермен серіктестіктің маңыздылығын көрсетеді. Сонымен бірге, жаһандық деңгейде фильмдердің 70%-ы жаңа фильмдер туралы ақпаратты әлеуметтік желілер арқылы алады, бұл цифрлық жарнаманың тиімділігін дәлелдейді. YouTube жарнамалары дәстүрлі теледидар жарнамаларымен салыстырғанда көрерменнің қызығушылығын 35%-ға арттырады.

Бұл деректер фильмдердің коммерциялық табысына маркетингтік стратегиялардың тікелей әсерін айқын көрсетеді. Мысалы, 2024 жылы жарық көрген «Inside Out 2» фильмі Pixar студиясының ең табысты анимациялық фильміне айналып, оның маркетингтік стратегияларының тиімділігін

дәлелдеді. Сонымен қатар, фильмдердің маркетингінде инновациялық тәсілдер де қолданылады. Мысалы, «Longlegs» фильміне арналған жарнама науқаны «Blair Witch Project» фильмінің жарнамалық әдістеріне ұқсас болып, фильм мазмұны мен кейіпкерлері туралы ақпаратты құпия түрде жариялау арқылы көпшіліктің қызығушылығын арттырды.

Қазақстанға келетін болсақ, ең алдымен ел аумағында фильмді прокаттау және көрсету тек Мемлекеттік фильмдер тізіміне тіркелген кезде және берілген прокаттау куәлігіне сәйкес жүзеге асырылады. Осы ретте «Кинематография туралы» Заңы негізінде ел аумағында көрсетілетін фильмдерге бірқатар талаптар қояды. Бұл талаптар кинопрокат жүйесін ұлттық мүдделерге сәйкестендіру, қазақ тілінің қолданысын арттыру және мазмұн сапасын қамтамасыз ету мақсатында қабылданған. Осы заңға сәйкес, Қазақстанда прокатталатын барлық фильмдер міндетті түрде мемлекеттік тілге аударылуы тиіс. Егер фильм қазақ тілінде түсірілмеген болса, ол дубляждалуға, субтитрленуге немесе кадр сыртындағы аудармамен қамтамасыз етілуге міндетті. Бұл талап ұлттық киноиндустрияны қолдау және қазақ тілінде сапалы контент ұсыну арқылы көрерменнің ана тілінде кино көру мүмкіндігін арттыруға бағытталған.

Сонымен қатар, заң фильм мазмұнының бұрмаланбауын және аударманың түпнұсқа мағынасына сәйкес болуын қамтамасыз етуді талап етеді. Әсіресе, ұлттық фильмдерде қолданылатын тіл нормалары сақталып, дубляж бен субтитрлерде грамматикалық және стилистикалық қателерге жол берілмеуі керек. Бұдан бөлек, көрермен аудиториясына ұсынылатын контенттің сапасын жақсарту мақсатында прокатталатын фильмдерден нормативтік емес лексика, яғни әдепсіз сөздер арнайы техникалық құралдар арқылы жойылуы тиіс. Бұл талаптар қазақстандық кинопрокаттың мазмұндық және тілдік мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

Заңда ерекше назар аударатын тағы бір маңызды талап — балалар мен отбасылық фильмдердің қазақ тіліне міндетті түрде дубляждалуы. Мемлекеттік қолдауға ие болған анимациялық фильмдер мен отбасылық фильмдер тек субтитрленіп қана қоймай, қазақ тілінде толыққанды дыбысталы қажет. Бұл шаралар ұлттық кино өндірісін дамыту ғана емес, сонымен қатар жас ұрпақтың мемлекеттік тілде сапалы әрі мазмұнды фильмдерді тамашалауына мүмкіндік беру үшін жасалған.

Осылайша, «Кинематография туралы» заң Қазақстандағы кинопрокат жүйесін реттеумен қатар, ұлттық мәдениетті насихаттауға, мемлекеттік тілдің кино индустриясындағы рөлін күшейтуге және көрермендердің сапалы контентке қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл талаптар қазақ киносының дамуын қолдай отырып, елдегі кинопрокаттың тілдік, мазмұндық және идеологиялық тұтастығын қамтамасыз ететін маңызды құқықтық негіз болып отыр.

Елімізде қазіргі заманғы кинопрокат жүйесі бірнеше маңызды элементтерден құралады. Солардың бірі — кинотеатрлар. Қазақстанда кинопрокат еліміздің ірі қалалары мен кейбір елді мекендерінде орналасқан кинотеатрлар желісін қамтиды. Қазіргі таңда елде 113 кинотеатр жұмыс істейді (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы).

Солардың ішінде *Kinopark*, *Chaplin*, *Cinemax*, *Arman* секілді тағы да басқа ірі кинотеатрларды атап өтуге болады. Соңғы жылдары заманауи құралдармен жабдықталған көп залды кинотеатрлардың саны артып келеді. Бұл да өз кезегінде көрермен қызығушылығын арттырудың алғышарттарының бірі. Дегенмен заманауи кинотеатрлардың басым көпшілігі Алматы, Астана, Шымкент сияқты ірі қалаларда ғана орналасқан. Ал

шалғай жатқан елді мекендерде мұндай инфрақұрылымның жоқтығы байқалады.



Сурет 1. Кинозалдар саны


Ұлттық статистика бюросының 2024 жылдың қорытындысы бойынша ұсынған мәліметтеріне сәйкес, Қазақстанда кинокөрсетілімді жүзеге асыратын 121 ұйым қызмет етеді, оның 113-і — кинотеатрлар. Кинозалдардың саны артып келеді, бүгінде 446 бірлікті құрайды, 2022 жылы — 412, ал 2023 жылы — 418 болған (Сурет 1). 113 кинотеатрдың 9-ы (7,9%) ғана мемлекеттік, ал қалған 102-сі (90%) жеке меншікте, 2 — шетелдік.



Сурет 2. Табыс көлемі

Соңғы үш жылда аталған ұйымдардың көрсеткен қызметтерінен түскен табыс көлемі де едәуір артқан. Мысалы, 2022 жылы — 26,8, 2023 жылы — 37,3, ал 2024 жылы — 43,8 млрд теңге табыс түскен. Оның ішінде 17,5 млрд теңге (40%) — отандық фильмдерге 24,1 млрд теңге (55%) — шетелдік, ал 2,1 млрд теңге (5%) — бірлескен фильмдерге тиесілі (Сурет 2).

2024 жылы барлығы 927 мың киносеанс, оның ішінде 915 мыңы — толықметражды фильмдер, 339 мыңы — ұлттық фильмдер (36,5%), ал



Сурет 3. Киносеансқа келушілердің саны

жартысынан көбі (58,5%), яғни 543 мыңы — шетелдік фильмдер көрсетілген. 253 мың сеанс балалар аудиториясына арналды. Ал ауылдық жерлерде 3341 киносеанс көрсетілген. Киносеансқа келушілердің саны да жылдан жылға артып келеді. 2022 жылы — 17 млн адам, 2023 жылы — 20 млн, ал 2024 жылы — 23 млн адам келген (Сурет 3).

Өткен жылы ұлттық өндірістегі фильмдердің жалпы жинағы 22 млрд 539 млн теңгені құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 33%-ға артық. Сандық тұрғыдан алғанда 107 фильмге дейін көбейді (58%) (алдыңғы жылы — 65). Кассалық алымдары млрд теңгеге өткен фильмдер саны өткен жылмен салыстырғанда 3-тен 7-ге дейін өсті. 2024 жылғы топ-10 жалпы бокс офистің 50%-ын құрайды, ал топ-20 фильм жалпы бокс-офистің 70%-ын құрайды.

Деректерге сүйенсек, 2024 жылы отандық прокатқа 410 фильм шықты, оның ішінде отандық фильмдердің жалпы кинопрокаттағы үлесі 23%-ға (94 фильм), ал қазақ тіліндегі фильмдердің жалпы кинопрокаттағы үлесі 19%-ға артты.

Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасына сәйкес, 2030 жылға қарай еліміздегі кинопрокаттағы отандық фильмдердің үлесі 35%-ға дейін, ал қазақ тіліндегі фильмдердің үлесі 30%-ға дейін артпак. Бұл ұлттық киноөндірісті дамытуда маңызды қадам болғанымен, бірқатар мәселелер әлі де өз шешімін таппай отыр. Атап айтқанда, ұлттық фильмдердің кинотеатрлардағы

көрсетілім уақыты, экрандық уақытты квоталау және контент сапасы өзекті мәселелер ретінде қалып отыр.

Алдымен, отандық фильмдердің кинотеатрларда көрсетілу уақыты өзекті мәселе екені белгілі. Көптеген ұлттық фильмдердің кешкі прайм-таймға қарамастан, таңертеңгі немесе күндізгі уақыттарда көрсетілуі көрермен санының шектелуіне бірден-бір себеп болып отыр. Сонымен қатар демалыс күндері кейбір отандық киножобалардың мүлдем көрсетілмеуі де байқалады. Осы мәселені шешу үшін экрандық уақытты квоталау жүйесін енгізу маңызды. Бұл жүйе ұлттық фильмдердің кешкі уақытта көрсетілуін қамтамасыз етіп, оларды кең аудиторияға ұсынуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, кинотеатрларға ұлттық кинематографияны қолдау мақсатында салықтық жеңілдіктер мен преференциялар енгізу де тиімді шара ретінде қарастырылуы тиіс.

Қазақ тіліндегі фильмдердің мазмұны мен сапасына қатысты сын да жиі айтылып жүр. Соңғы жылдары комедиялық жанрдағы фильмдер санының артуы байқалады, алайда олардың кейбірі қоғамдағы өзекті мәселелерді тереңінен қамтымай, жеңіл әзіл мен қарапайым диалогтарға негізделген. Бұл тұрғыда Мәжіліс депутаттары кино сценарийлері мен диалогтарына тілдік мәдениет тұрғысынан қатаң талап қою қажеттігін атап өтті. Бұған қоса бейәдеп сөздер мен көріністерді шектеу мәселесі заңдық тұрғыдан қаралып, нормативтік емес лексиканы арнайы техникалық құралдар арқылы өңдеу (*дыбыстық белгімен жабу*) міндеттелген.

Қазақстандағы кинопрокат жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін ұлттық фильмдердің таралуын қолдау, мемлекеттік және жеке инвестициялар арасындағы тепе-теңдікті сақтау, кинотеатрларға ынталандыру механизмдерін енгізу және отандық фильмдердің мазмұны мен тілдік

тазалығына ерекше көңіл бөлу қажет. Осы бағыттағы кешенді шаралар ұлттық киноиндустрияны жаңа сапалық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді («Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023 — 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы).

Қазақстандық кинонарықта шетелдік, сондай-ақ, отандық фильмдер көрсетіледі. Дегенмен отандық фильмдердің кинопрокаттағы үлесін арттыру мәселесі әлі күнге дейін өзекті болып отыр. Бүгінде голливудтық фильмдер елімізде кинопрокат нарығында көбірек үлеске және сұранысқа ие екені белгілі.

Келесі маңызды элементтердің бірі — мемлекеттік қолдау жүйесі. Қазақстандық киноны мемлекет тарапынан қолдау жыл сайын маңызға ие болуда. Соңғы жылдары ұлттық кинематографистерге арналған мемлекеттік қолдаудың көлемі артып келеді.

Жалпы, кинематографияны мемлекеттік қаржыландыру шарттарын зерделеудің өзектілігі мемлекет пен киноөндірістің берік көпжылдық өзара іс-қимылына байланысты. Мұнда тараптардың әрқайсысы өз мақсаттарын іске асырады. Мемлекет маңызды әлеуметтік тақырыптарда көрермен назарын аудару мүмкіндігін пайдаланады, ал кинокомпаниялар өндірістік қызметті жүзеге асырады және нарыққа отандық фильмдерді жеткізеді.

Мамандардың айтуынша, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қаржыландыру-өндіріс-прокат тізбегі бұзылды. Бүгінгі таңда кинотеатрлар жекеменшіктің иелігіне өткен. Бұл ретте ол кинотеатрлардың ең алдымен табыс табуды мақсат ететіні айтпаса да түсінікті. Сондықтан кинотеатрлардың көпшілігі фильмдерді жалға беруден бас тартты. Ал оның негізгі себебі — фильмдер мемлекеттік қаражатқа түсірілсе де, түсірілмесе де, коммерциялық сәттілікке жете алмайды деген уәж алға тартылады.

Кинотеатрларда көрсетілетін фильмдерді алдын ала сараптаудан өткізу жүйесін енгізу өте маңызды. Бұл жүйе мемлекеттік қаржы бөлінбеген киножобаларды да қоғамдық құндылықтарға сай бағалауды қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қатар ұлттық мәдениетті насихаттайтын фильмдер мен анимациялық жобаларды дамыту мақсатында арнайы мемлекеттік бағдарламаларды қабылдау қажеттігі бар.

Қазақстандағы шағын және орта қалаларда кинотеатрлардың саны жеткіліксіз. Астана, Алматы, Шымкент сияқты ірі қалаларда кинотеатрлар жеткілікті болса да, өңірлерде олардың саны аз, кейбір аймақтарда мүлдем жоқ. Бұл жағдай кинопрокаттың тек ірі қалалармен шектелуіне және өңір тұрғындарының жаңа фильмдерді көру мүмкіндігінің шектелуіне алып келеді. Осы мәселелерді шешу үшін жеке инвесторларды қолдау, өңірлік кинотеатрларға салықтық жеңілдіктер беру және жылжымалы кинотеатр жүйесін енгізу шаралары қажет. Сонымен қатар, цифрлық платформаларды дамыту арқылы отандық фильмдерді онлайн көрсетілімге шығару да кинопрокаттағы маңызды қадам болары сөзсіз.

Қазіргі уақытта кинонарықтың мониторингі процесінде мемлекеттің рөлі тек көрсетілімге прокаттау куәлігін беру және фильмнің жас индексын тағайындаумен шектеледі. Мемлекет аумағына енгізілген фильмдердің саны, оларды көрсету жиілігі мен басымдылықтарын анықтайтын ортақ база жоқ. Күнделікті сеанстар, сатылған билеттер және көрермен саны бойынша бірыңғай ақпарат көзі болмауы деректерді есепке алу мен талдаудың тиімді жүйесін құруға кедергі келтіруде. Осыған байланысты, бірыңғай ақпараттық жүйені қалыптастыру арқылы кинопрокат саласын жетілдіру қажет.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу арқылы Қазақстандағы кинопрокат жүйесін дамытып, отандық киноның көрерменге қолжетімділігін арттыруға болады. Бұл ретте мемлекет тарапынан қолдау, киноиндустриядағы кәсіпкерлердің белсенділігі және көрермендердің ұлттық киноға қызығушылығы маңызды рөл атқарады. Бірыңғай жүйені жетілдіру, өңірлерде кинотеатрлар санын арттыру, қазақ тіліндегі фильмдердің сапасын көтеру және отандық киноның маркетингін күшейту — еліміздегі кинопрокат саласын жаңа деңгейге көтеретін негізгі қадамдар болмақ.

Негізгі тұжырымдар

Бүгінгі таңда еліміздегі кино өндірісі мен фильмдердің көркемдік деңгейімен бірге, прокат жүйесін жан-жақты қарастыру кино өнерін зерттеу саласы үшін маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Өйткені, көрерменнің тек отандық ғана емес, әлем киносының көркемдік сапасы жоғары шығармаларымен таныс болуының да бірден-бір жолы — кинопрокат екені белгілі. Осы орайда кинопрокат жүйесінің тиімділігі туралы төмендегідей тұжырымдар жасалды:

1. Көрермен дүниетанымына әсері. Кино өнері әртүрлі мәдениет пен дүниетаныммен, тарихи оқиғалармен таныс болуға мүмкіндік береді. Бұл қоғамдық сананы жаңғыртуға, әлемді тереңірек түсініп, қабылдауды қалыптастыруға ықпал етеді.

2. Әлеуметтік маңызы. Фильмдерді көрсету арқылы қоғамдық көңіл-күй мен құндылықтарға әсер етуге болады. Кино арқылы әлеуметтік мәні бар мәселелерді көтеруге, адамдардың пікірі мен сенімін қалыптастыруға болады. Бұл да өз кезегінде қоғамның әртүрлі топтары арасында конструктивті диалог орнатуға мүмкіндік береді.

3. Экономикалық маңызы. Кинопрокат — халықтың кино шығармаларымен

танысуына мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен бірге маркетинг, жарнама, менеджмент, туризм сияқты аралас салалардың дамуына да ықпал етеді.

4. Ұлттық біртектілік. Мемлекет киноны идеология құралы ретінде пайдалана отырып, оны ұлттық мәдениет пен құндылықтарды ілгерілету үшін негізге алуы мүмкін. Атап айтқанда, отандық киноөндірісті қаржыландыру, прокаттау арқылы жергілікті кинематографистерді қолдауға, ұлттық біртектілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, кино білім мен тәрбиенің, мәдениеттің маңызды құралы болып қала бермек.

Осылайша, кинопрокат жүйесі кино шығармаларына қолжетімділікті қамтамасыз етеді, экономиканы дамыта отырып, әлеуметтік және өнегелі бағдарларды қалыптастырады. Кинопрокат жүйесінің бұл қызметі қоғам мен мемлекет үшін аса құнды әрі маңызды екені белгілі.

Қорытынды

Сонымен, Қазақстандағы кинопрокат жүйесі жаһандық үрдістермен тығыз байланыста дамып келеді. Дегенмен отандық кинематографияны қолдауда белгілі бір жетістіктерге қол

жеткізілгенімен, шетелдік фильмдердің нарықтағы басымдылығы мен контентті тарату жүйесінің тиімділігі әлі де жетілдіруді талап етеді. Қазіргі таңда стримингтік сервистер мен онлайн-платформалардың кеңінен қолданысы кинотеатрлар үшін жаңа мүмкіндіктер ашуда.

Қазақстан киноиндустриясының тұрақты дамуы үшін қолжетімді инфрақұрылымды дамыту, заңнамалық негіздерді жетілдіру және ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану жұмыстарын жалғастыру қажет. Сонымен қатар, қазақстандық кино өнімдерінің тек ішкі нарықта ғана емес, халықаралық деңгейде де қызығушылығын арттыру мақсатында барлық қолжетімді ресурстарды пайдаланып, мүдделі тараптармен тығыз ынтымақтастық орнату маңызды.

Кинопрокат жүйесін тиімді әрі толыққанды дамыту ұлттық кино өндірісіне инвестиция тартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және отандық киноматериалдарға деген сұранысты арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, кинопрокат жүйесін жетілдіру арқылы кино өнерінің және жалпы мәдениеттің қарқынды дамуына жол ашылып, ұлттық кинематографияның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге болады.

Авторлардың үлесі

Ә.Қ. Омаров – негізгі мәтін, аңдатпа жазу, дәйексөздерді іздеу, зерттеу тұжырымдамасын негіздеу, зерттеулерді жоспарлау, талдау жүргізу, мақала мен әдебиеттер тізімін құрастыру, қорытындыларды тұжырымдау.

Н.Р. Мұқышева – негізгі мәтінді, аңдатпа мәтінін өңдеу, редакциялау, әдеби деректерді талдау және жалпылау, кеңес беру, ғылыми жетекшілік.

Вклад авторов

А.К. Омаров – написание основного текста, аннотации, поиск цитат, обоснование концепции исследования, планирование исследований, проведение анализа, оформление статьи и списка источников.

Н.Р. Мукушева – обработка, редактирование основного текста, текста аннотации, анализ и обобщение литературных данных, консультирование и научное руководство.

Contribution of authors

A.K. Omarov – writing the main text, the abstract, searching for the quotations, substantiating the study concept, planning the research, conducting the analysis, formatting the article and the reference.

N.R. Mukusheva – processing, editing the main text, presented by the doctoral student, editing the abstract text, the literature data analysis and generalization, consulting and scientific guidance.

Дәйеккөздер тізімі:

Абикеева, Гульнара. «Кино и культурные влияния в Центральной Азии». <https://dialog.kz/comment/43035>

Абикеева, Гульнара. «Кино как ведущая креативная индустрия Казахстана». *Central Asian Journal of Art Studies*, 2022, №1, с. 55-66, doi: 10.47940/cajas.v7i1.545

Байманов, Дамир. «Казахфильм» сократил максимальные сроки процесса кинопроизводства с 6 до 2 лет – Ермек Аманшаев». Inform.kz, 25 января 2010. https://www.inform.kz/ru/kazahfil-m-sokratil-maksimal-nye-sroki-processa-kinoproizvodstva-s-6-do-2-let-ermek-amanshaev_a2231085

Дождиков, Антон. «Прогнозирование результатов кинопроката с помощью машинного обучения». <https://cyberleninka.ru/article/n/prognostirovanie-rezultatov-kinoprokata-s-pomoschyu-mashinnogo-obucheniya/viewer>

«Казахфильм» просит преференций для киноиндустрии». Tengrinews.kz. <https://tengrinews.kz/cinema/kazahfilm-prosit-preferentsiy-dlya-kinointdustrii-256992>

«Кинематография туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2019 жылғы 3 қаңтар. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000212>

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-culture/>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. «Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы». № 250, 2023 жылғы 28 наурыз. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P23000000250>

Ногербек, Бауыржан. На экране «Казахфильм». Алматы: Руан, 2007.

Рахманқызы, Нәзира. *Қазақ киносы: кеше және бүгін*. Зерттеулер, мақалалар, рецензиялар, сұхбаттар. Астана: Фолиант, 2017.

Федоров, Александр. Кинопрокат в СССР (1950-1990): данные посещаемости советских и зарубежных фильмов. Москва: 2025

Шапрон, Жюль, Жессати, Присилла. *Французский кинотеатр – аншлаги длиной в век*. Москва: КоЛибри, Азбука-Аттикус, 2016.

Янсон, Татьяна. «Особенности современного кинопроката и предпосылки прогнозирования коммерческого успеха фильма». <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-sovremennogo-kinoprokata-i-predposylki-prognostirovaniya-kommercheskogo-uspeha-filma/viewer>

Beijing bites back US tariffs by curbing Hollywood imports. 10.04.2025. <https://www.reuters.com/business/media-telecom/beijing-bites-back-us-tariffs-by-curbing-hollywood-imports-2025-04-10/>

Box office – North America. <https://www.statista.com/outlook/amo/media/cinema/box-office/north-america> (қол жеткізілген уақыты: 20 тамыз 2025).

Film marketing: pre-release box office performance. BusinessThink (UNSW). https://www.businessthatk.unsw.edu.au/articles/film-marketing-pre-release-box-office-performance?utm_source (қол жеткізілген уақыты: 22 қыркүйек 2025).

La Cour des comptes appelle à réformer les aides au cinéma français. 2024. <https://www.latribune.fr/economie/france/la-cour-des-comptes-appelle-a-reformer-les-aides-au-cinema-francais-qui-ne-cessent-de-gonfler-976887.html>

Ter-Avanesov, Armen. The impact of globalization on the production and distribution of films. *Universe Philology and history*. 2024, 6(120). https://www.researchgate.net/publication/382059641_THE_IMPACT_OF_GLOBALIZATION_ON_THE_PRODUCTION_AND_DISTRIBUTION_OF_FILMS

References:

Abikeeva, Gulnara. «Kino i kulturnye vliyaniya v Tsentralnoy Azii» [Cinema and Cultural Influences in Central Asia]. <https://dialog.kz/comment/43035>

Abikeeva, Gulnara. «Kino kak vedushchaya kreativnaya industriya Kazakhstana» [Cinema as a Leading Creative Industry of Kazakhstan]. *Central Asian Journal of Art Studies*, 2022, №1, с. 55-66, doi: 10.47940/cajas.v7i1.545

Baimanov, Damir. «Kazakhfilm' sokratil maksimalnye sroki protsessy kinoproizvodstva s 6 do 2 let – Ermek Amanshaev» [«Kazakhfilm» Reduced Maximum Film Production Periods from 6 to 2 Years – Ermek Amanshaev]. *Inform.kz*, January 25, 2010. https://www.inform.kz/ru/kazakhfilm-m-sokratil-maksimalnye-sroki-processa-kinoproizvodstva-s-6-do-2-let-ermek-amanshaev_a2231085

Dozhdikov, Anton. «Prognostirovanie rezultatov kinoprokata s pomoshchyu mashinnogo obucheniya» [Predicting Box Office Results Using Machine Learning]. <https://cyberleninka.ru/article/n/prognostirovanie-rezultatov-kinoprokata-s-pomoschyu-mashinnogo-obucheniya/viewer>

«Kazakhfilm' prosit preferentsiy dlya kinoindustrii» [«Kazakhfilm» Requests Preferences for the Film Industry]. *Tengrinews.kz*. <https://tengrinews.kz/cinema/kazakhfilm-prosit-preferentsiy-dlya-kinoindustrii-256992>

«Kinematografiya turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Zany [Law of the Republic of Kazakhstan «On Cinematography»]. January 3, 2019. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000212>

Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan, Bureau of National Statistics. <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-culture/>

Government of the Republic of Kazakhstan. «Postanovlenie Pravitelstva RK ‘Ob utverzhdenii kontseptsii kulturnoy politiki Respubliki Kazakhstan na 2023–2029 gody» [Government Decree on Approval of the Concept of Cultural Policy of the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]. No. 250, March 28, 2023. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000250>

Nogerbek, Bauyrzhan. Na ekrane «Kazakhfilm» [On the Screen «Kazakhfilm»]. Almaty: Ruan, 2007.

Rakhmankyzy, Nazira. Qazaq kinosy: keshe zhane bugin. Zertteuler, maqalalar, retsenziyalar, sukhbattar [Kazakh Cinema: Yesterday and Today. Studies, Articles, Reviews, Interviews]. Astana: Foliant, 2017.

Fedorov, Aleksandr. Kinoprokat v SSSR (1950–1990): dannye poseschaemosti sovetskikh i zarubezhnykh filmov [Film Distribution in the USSR (1950–1990): Attendance Data of Soviet and Foreign Films]. Moscow, 2025.

Chapron, Joël, and Priscilla Jessati. Frantsuzskiy kinoteatr – anshlag dlinoyu v vek [French Cinema: A Century-Long Full House]. Moscow: KoLibri / Azbuka-Attikus, 2016.

Yanson, Tatyana. «Osobennosti sovremennogo kinoprokata i predposylki prognozirovaniya kommercheskogo uspekha filma» [Features of Modern Film Distribution and Prerequisites for Predicting a Film’s Commercial Success]. <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-sovremennogo-kinoprokata-i-predposylki-prognozirovaniya-kommercheskogo-uspeha-filma/viewer>

Beijing bites back US tariffs by curbing Hollywood imports. 10.04.2025. <https://www.reuters.com/business/media-telecom/beijing-bites-back-us-tariffs-by-curbing-hollywood-imports-2025-04-10/>

Box office – North America. <https://www.statista.com/outlook/amo/media/cinema/box-office/north-america> (Accessed August 20, 2025).

Film marketing: pre-release box office performance. BusinessThink (UNSW). https://www.businessthink.unsw.edu.au/articles/film-marketing-pre-release-box-office-performance?utm_source (Accessed 22 Sept. 2025).

La Cour des comptes appelle à réformer les aides au cinéma français. 2024. <https://www.latribune.fr/economie/france/la-cour-des-comptes-appelle-a-reformer-les-aides-au-cinema-francais-qui-ne-cessent-de-gonfler-976887.html>

Ter-Avanesov, Armen. The impact of globalization on the production and distribution of films. *Universum Philology and history*. 2024, 6(120). https://www.researchgate.net/publication/382059641_THE_IMPACT_OF_GLOBALIZATION_ON_THE_PRODUCTION_AND_DISTRIBUTION_OF_FILMS

Омаров Адилет, Мукушева Назира

Казахский национальный университет искусств имени Күләш Байсейітовой (Астана, Казахстан)

ТЕКУЩЕЕ СОСТОЯНИЕ И АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СИСТЕМЫ КИНОПРОКАТА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Кинопрокат как неотъемлемая часть киноиндустрии Казахстана в современную эпоху приобретает особое культурное, социальное и экономическое значение. Развитие глобальных информационных технологий, влияние процессов глобализации, распространение новых коммуникационных платформ и изменение зрительских предпочтений привели к глубоким трансформациям содержания и функционирования этой сферы. Международный опыт и тенденции мирового кинорынка показывают, что система кинопроката является не просто каналом доставки фильмов аудитории, но и комплексным культурно-экономическим институтом, способствующим расширению национального культурного пространства, активизации экономических отношений и укреплению общественных ценностей.

В связи с этим основной *целью* статьи является научный анализ современного состояния и актуальных проблем системы кинопроката в Республике Казахстан. В рамках данного исследования поставлены *задачи* по изучению и выявлению этапов исторического формирования и современного состояния системы кинопроката в Казахстане, её преимуществ и недостатков, правовых основ, изменений зрительских предпочтений и влияния цифровых платформ, роли новых коммуникационных технологий, а также специфических особенностей отечественного и зарубежного опыта.

Методологическую основу исследования составили *методы* описания, анализа, сравнения, синтеза, абстрагирования, индукции и дедукции. Использованы нормативно-правовые документы, экспертные оценки и официальная статистика. Эмпирическую базу формируют данные о реализации Закона «О кинематографии», о системе дубляжа и субтитрирования национальных фильмов на казахский язык, развитии кинотеатральной инфраструктуры, доле отечественных и зарубежных картин в прокате. На основе международного опыта проведено сравнительное исследование кинопрокатных систем США, Китая и стран Европы, выявлены их институциональные особенности и элементы, применимые в Казахстане.

Результаты исследования свидетельствуют о необходимости государственной поддержки национального кинопроизводства, повышении качества и языковой чистоты фильмов в прокате, развитии кинотеатральной сети в регионах, совершенствовании маркетинговых стратегий и более эффективном использовании цифровых платформ.

Ключевые слова: кинопрокат, национальное кино, кинотеатральная инфраструктура, цифровая трансформация, государственная поддержка, маркетинговая стратегия, международный опыт, зрительская аудитория.

Для цитирования: Омаров Адилет, Мукушева Назира. «Текущее состояние и актуальные проблемы системы кинопроката в казахстане». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, №4, 2025, с. 69–88, DOI: 10.47940/cajas.v10i4.1116

Благодарности: Авторы выражают благодарность редакции «Central Asian Journal of Art Studies» за помощь в подготовке статьи к публикации, а также анонимным рецензентам за внимание и интерес к исследованию. Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Adilet Omarov

Kazakh National University of Arts named after Kulash Baiseitova (Astana, Kazakhstan)

Nazira Mukusheva

Kazakh National University of Arts named after Kulash Baiseitova (Astana, Kazakhstan)

THE CURRENT STATE AND KEY ISSUES OF THE FILM DISTRIBUTION SYSTEM IN KAZAKHSTAN

Abstract. Film distribution, as an integral part of Kazakhstan's film industry, has acquired special cultural, social, and economic significance in the modern era. The development of global information technologies, the influence of globalization, the spread of new communication platforms, and changing audience preferences have fundamentally transformed the content and operations of this sector. International experience and global market trends demonstrate that a film distribution system is not merely a channel for delivering films to audiences, but a comprehensive cultural and economic institution that expands the national cultural space, stimulates economic activity, and strengthens social values.

Accordingly, the main *objective* of this article is to conduct a scholarly analysis of the current state and pressing issues of the film distribution system in Kazakhstan. To achieve *this objective*, the study sets out to examine and identify the historical stages of the formation and the present condition of the national film distribution system, its strengths and weaknesses, legal framework, changes in audience preferences and the impact of digital platforms, the role of new communication technologies, as well as the distinctive features of domestic and international practices.

The *methodological* framework includes description, analysis, comparison, synthesis, abstraction, induction, and deduction. The study draws on legal and regulatory documents, expert opinions, and official statistics. Its empirical base comprises data on the implementation of the Law «On Cinematography», the dubbing and subtitling of national films into the Kazakh language, the development of cinema infrastructure, and the market share of domestic and foreign films. Building on international experience, the paper compares the institutional models of the United States, China, and European countries, identifying features and best practices relevant for Kazakhstan.

The *findings* emphasize the need for continued state support of national film production, improved quality and linguistic standards in film distribution, development of cinema infrastructure in the regions, enhanced marketing strategies, and more efficient use of digital platforms.

Keywords: film distribution, national cinema, cinema infrastructure, digital transformation, state support, marketing strategy, international experience, audience.

Cite: Adilet Omarov, Nazira Mukusheva. «The current state and key issues of the film distribution system in kazakhstan». *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 4, 2025, pp. 69–88, DOI: 10.47940/cajas.v10i4.1116

Acknowledgments: The authors would like to thank the editors of the Central Asian Journal of Art Studies for their help in preparing the article for publication, as well as the anonymous reviewers for their attention and interest in the study. The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare that there is no conflict of interest.

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Авторлар туралы мәлімет:**Сведения об авторах:****Information about the authors:**

Омаров Әділет Қалиханұлы
— өнертану ғылымдарының
магістрі, 2-курс докторанты,
Құләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті
(Астана, Қазақстан)

Омаров Адилет Калиханович
— магистр искусствоведения,
докторант 2-го курса, Казахский
национальный университет
искусств имени Куляш
Байсеитовой
(Астана, Казахстан)

Omarov Adilet Kalikhanovich —
Master of Arts, 2nd-year doctoral
student, Kulash Baiseitova
Kazakh National University of
Arts
(Astana, Kazakhstan)

ORCID ID: 0009-0005-6085-8660

E-mail: adilet-0692@mail.ru

**Мұқышева Нәзира
Рахманқызы** — өнертану
кандидаты, «Өнертану»
кафедрасының
Қауымдастырылған профессоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері, Құләш Байсейітова
атындағы Қазақ ұлттық өнер
университеті
(Астана, Қазақстан)

Мукушева Назира Рахмановна
— кандидат искусствоведения,
Ассоциированный профессор
кафедры «Искусствоведение»,
Заслуженный деятель
Казахстана, Казахский
национальный университет
искусств имени Куляш
Байсеитовой
(Астана, Казахстан)

**Mukusheva Nazira
Rakhmanovna** — Candidate of
Art History, Associated Professor
of the Department of Art History,
Honored Worker of Kazakhstan,
Kulyash Bayseitova Kazakh
National University of Arts
(Astana, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0002-8198-283X

E-mail: nmukusheva988@gmail.com